

КЕЙБІР СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫНДАҒЫ, ОЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОСЫМШАЛАРЫН ДҰРЫС ЖАЛҒАУДА КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАР



Ербол Әбдірәсілов,
филология ғылымының
докторы, доцент



Жадыра Жүнісова,
филология ғылымының
кандидаты

Қазіргі тілін, кеңсе стилін жазуда кездесетін қиындықтар мен даулы мәселелер жеткілікті екендігі жасырын емес. Олардың бір бағыты орфографиямен байланысты болса, екінші бағыты – пунктуация, тыныс белгілерінің мәселесімен, үшінші кірме сөздерге қосымшалардың дұрыс нұсқасын таңдап жалғауда екіұшты ұстанымдардан шыға алмау, төртіншісі – сөздерді қысқартумен тағысын тағы мәселелермен байланысты екендігі белгілі. Бұл туралы алдыңғы мақалаларымызда да орфографиядағы сөздердің қос түрінде жазылуымен, бөлек жазылуымен, бірге жазуымен немесе сандарға жалғаулардың жалғануымен, қысқарған сөздерге жалғаулардың жалғануымен, лауазым атауларының бас әріптермен, кіші әріптермен жазылуымен байланысты құжат тілінде, кеңсе стилінде жазылып жатқан мәтіндерде кемшіліктердің жіберіліп жатқандығын атап өткен болатынбыз.

Осы бағыттар бойынша толық қамтымасақ та, өз тәжірибемізде кездескен, жиі сұралатын мысалдарды алға тарта отырып, тәжірибе бөліскенді орынды санадық.

Айталық, *мекенжай, ауылшаруашылығы, онжылдық, жүзжылдық, құбыр-жол, онкүндік* сияқты сөздердің мәнмәтіндегі қолданылатын мағыналарына қарай бірге де, бөлек те жазылатын кездері болатындығын атап өттік. Алайда, бұл сияқты сөздердің жазылуына, жалғаулардың дұрыс жалғануына төреші болатын нормативті ғылыми еңбек – орфографиялық сөздік болмақ. Рас, қазіргі орфографиялық сөздікте дәстүрлі кенес кезеңінде оқытылып, санаға сіңірілген жазу үлгілерінен өзгешеленетін айырмашылықтар жеткілікті. Олардың басым көпшілігі аналитикалық жолмен, әсіресе, тіркесу, бірігу жолдарымен жасалған сөздердің бір мағына, бір ұғымды білдіруіне негізделген біріктіріп жазу ұстанымы.

Кеңінен тарқата жазсақ *онкүндік өтті, ауылшаруашылығы өнімдері, ауылшаруашылығы жәрмеңкесі, жүзжылдық белес, құбыржолдар салынды* түріндегі қолданыстар бірге жазылады да, *он күн өткен соң, ауыл шаруашылық басқармасы, жүз жылдық тарихы бар, құбыр жолдарындағы* түріндегі қолданыстар мәнмәтін аясындағы, мағыналық қолданысына қарай бөлек жазылып жүр. Бұл бір жағынан, тілді сезінуді қажет ететіндігі де түсінікті.

Құжат тілінде, ресми стильде кездесетін қиындықтардың бір тобы – кәдімгі кейбір қазақ сөздерінің жазылуындағы әртүрлі нұсқалардың қолданылуы. Мысалы, бір адамдар үшін *әр түрлі* сөз бөлек жазылса, екінші бір адамдар тобы үшін *әртүрлі* бірге жазылады. Соңғы орфографиялық сөздіктің нұсқасы бойынша *әртүрлі* сөзі бірге берілген.

Кез келген, алдын ала сөздерінің жазылуында да әртүрлі қолданыстар байқалады. Кейде оларды тіркес түрінде, кейде қос сөз түрінде дефиспен жазу орын алып жатады. Орфографиялық сөздіктің соңғы нұсқасына жүгінсек, бұл сөздер *кез келген, алдын ала* түрінде ешқандай дефиссіз, тіркесіп жазылады. Буындардының қайталануындағы ерекшелік олардың қос сөздер ретінде қабылдануына, сөйтіп жазуда шатасуға алып келеді. Бірақ негізінде, қос сөз емес екені түсінікті. Бір кездері бұл сөздерді дефиспен жазу да орын алған болатын, бұл жағдайдың да қазіргі жазудағы әркелкі қолданысқа әсері болуы мүмкін. *Бірден-бір, бірде-бір* сөздерінің жазылуында да осындай шатасулар бар. Кейде оларды дефиссіз, кейде дефиспен жазып жатады. Ал сөздікке жүгінсек, дұрысы – дефиспен жазылған нұсқалары болып табылады.

Құжат мәтіндерінде кездесетін *құзірет, құзырет* түрінде сөздердің жазылуында да біркелкі қолданылмайтын жағдайлар орын алып отырады. Мұндағы дұрысы – *құзырет* нұсқасы. Сондай-ақ, екі сөз екі түрлі мағынада жұмсалатын *үкілетті, өкілетті* сөздерінің аражігі де нақтылап көрсетуді қажет етеді. *Үкілетті* сөзі *уполномоченный* сөзінің баламасы ретінде, ал *өкілетті* сөзі – *уполномоченный* сөзінің баламасы ретінде қолданылып жүр.

Нормативтік құжаттар тілінде, заң тілінде терминдердің аражігін ажыратып қолдануға, сол арқылы әр ұғымды біріздендіруге, сонымен қатар мәнмәтін жүйесіндегі әртүрлі қолданысына байланысты қиындықтар көптеп кездеседі. Бұл мәселе терминдердің айналасында, әсіресе, ұқсас терминдердің айналасында жан-жақты талдай отырып жеке тоқталуды қажет етеді.

Сонымен қатар кейбір сөздерге, әсіресе, кірме сөздерге, соның ішінде тектерге жалғаулардың жалғауы бойынша да қиындық туындап жататыны ақиқат. Мысалы, *Сәрсеновке, Ахатовқа, Жайшиевке, Нұралиевке, Баеділовке, Қайымбетовке* болып, *-ов, -ев* қосымшаларының жуан, жіңішке болып келуі негізге алынбайды. Негізге алынатыны *-ов, -ев* қосымшаларының алдындағы сөздің соңғы буыны. Осы соңғы буын жіңішке болса, *-ов, -ев*

қосымшасынан кейін қосымша да жіңішке болып, ал жуан болса, тиісінше жуан болып жалғанады. Кейде **ин** қосымшасына аяқталатын тектерге де осы қағиданы қолданып жатады. Айта кетерлігі – **-ин** қосымшасына аяқталатын тектерге бұл қағида жұмыс істемейді. **-ин** қосымшасының жағдайында барлығы да жіңішке болып жалғанады. Мысалы, Нұралинге, Айсинге, Мәмбетқазинге, Жұбанышалинге, т.б. Ал осы **-ин** жұрнағы қолданылатын әйел адамдардың тектеріне сөзсіз барлық жағдайда жуан жалғау жалғанады. Мысалы, Кенжалынаға, Сәрсенбинаға, Айсинаға, т.б.

Сондай-ақ **кль, брь, блъ** тәрізді дауыссыз дыбыстар мен жіңішкелік белгісі аяқталған сөздерге және жіңішкелік белгісіне аяқталатын бір буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары әрдайым жіңішке жалғанады: *ансамбльге, тюльді, тюлі, оське, осінің, тканьге, ткані, княздік, князі, верьфке*.

Алайда **-ль** жұрнағына байланысты да қазақ тілінің қосымшаларын жалғау қиындық тудырып жатады. Оның өзін бір жақты бірізді осылай қолданылады деп көрсетудің өзі қиындау. Дегенмен, шартты түрде жіктеп қарасақ: 1) орыс тілінің жұрнақтары жалғанған кейін **-ль** жұрнағына аяқталатын сөздерге қосымша жалғанғанда жіңішкелік белгісі жазылмайды: *материальный – материалдық, коммунальный – коммуналдық, патриархальный – патриархалдық*.

Жұрнақтар жалғанбай-ақ түбірдің өзінде **л-дан** кейін жіңішкелік белгісі келетін сөздерде бұл белгі сақталады: *моральный-моральдық, функциональный – функционалдық, магистральный – магистральдық, артельный-артельдік, акварельный-акварельді*.

Құжат жазудағы қиындықтардың келесі тобы **нд, нз, нк, нг, мн, мб, мт, кт, ск, вт, фт, пт** дыбыстарына аяқталатын орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшаларының жалғануымен байланысты, бұл жағдайда мұндай сөздерге қазақ тілінің қосымшалары **і** дыбыстары (әріптері) арқылы жалғанады: *ценз+і+ге, ценз+і+сі, танк+і+ге, танк+і+лер, франк+і+сі, митинг+і+ге, шланг+і+сі, ромб+ы+ға, ромб+ы+сы, объект+і+ге, объект+і+сі, Омск+і+ден, лифт+і+мен, факт+і+сі*.

Ал қатар келген дауыссыз дыбыстар тіркесінің қалған түрлеріне (**не, ре, рт, рш, нт, рд, рм, фр**, т.б.) аяқталған кірме сөздерге қазақ тілі қосымшалары **ы, і** дыбыстарынсыз, буын үндестігі бойынша тікелей жалғанады. Мысалы: *аванс+ы, цемент+ке, цемент+ті, хлороформ+ға, фунт+қа, формат+тар*.

Мәтіндерде **сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк** дыбыстарына аяқталған кірме сөздер кездескенде де оған жұрнақ жалғау екіұшты пікір тудырып жатады. Мысалы ондай сөздердің қатарына **прогресс, процесс, класс, металл, грамм, съезд, ведомость**, т.б. Ал заңдылық бойынша бұл сөздерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда соңғы дауыссыз дыбысы түсіріліп жазылады: *прогресс+шил – прогресшил, процесс+ке – процеске, кросс+ы – кросы, кросс+қа – кросқа, кросс+ы – кросы, класс+қа – класқа, металл+ды – металды, металл+ы – металы, грамм+дық – грамдық, грамм+ы – грамы, киловатт+қа – киловатқа, съезд+ге – съезге, съезд+і – съезі, ведомость+қа – ведомосқа* т.б.

Бірдей қос дыбыстарға аяқталған жалқы есімдерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда, қос әріп сақталып жазылады, тек қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы түбірдегі қос дыбыспен бірдей болғанда ғана, үш біркелкі әріп жазылмай, екеуі жазылады: *Гримм+ге – Гриммге, Гримм+ді – Гриммді, Покрасс+қа – Покрассқа, Кирилл+ге – Кириллге, Филипп+тің – Филипптің, Донбасс+қа – Донбассқа, т.с.с.*

Байқап отырғанымыздай, сөздерді дұрыс жазудағы қиындықтардың бір тобы кейбір қазақ тіліндегі сөздермен және кірме сөздермен байланысты болып отыр. Қазіргі тілші қауымның латын қаріптерін енгізудің аясында шешіп алғысы келіп отырғаны да осындай жазудағы қиындықтар, оларды бірізге түсіру мәселелері болып табылады. Байқауымызша, қазіргі тілші мамандар даярлап жатқан емле қағидалары аясында кірме сөздерді қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына бейімдеп алуға баса мән берілуде. Ол тұрғысынан жуан және жіңішкелік белгілерін, кірме сөздердегі қосымшалардың игеріліп, орфоэпиясы бойынша алынуы кірме сөздерді жазудағы осындай жүйесіздікті болдырмауға мүмкіндік береді деген түсінік бар. Дегенмен, бұл көзқарасқа қарсы пікірлер де жоқ емес. Бұлай болған жағдайда кейінгі ұрпақтың кірме сөздердің түбірлерінен бейхабар болады деп есептейтін ұстанымдар бар. Алайда, бұл бағытта әлі де тілдік әлеуметтік зерттеулер жүргізу қажет екені рас. Дегенмен, ақпараттың түпкі негізінен хабары болуы үшін қоғамға тиісті шет тілдерінің сөздіктері шығарылып отыратын тетік бар. Латын аясында мұндай пікірлердің орын алып отырғандығына қарамастан, әлі де латын әліпбиін жүйелі негізде, тілдің ішкі ерекшеліктерін, жазуды жүйелеуге ықпал ететін бағытта жұмыстар жүргізіледі деген ойдамыз.